

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЖАСЫНДАЙ ЖАРҚ ЕТКЕН ЖАСТАРЫ

Оразмахан Ж.

Ғылыми жетекші: Смағұлов Н.Б., PhD докторы, қауымдастырылған профессор
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
Smagulov_ist@mail.ru
Қарағанды қ.

Қазақтың көрнекті жазушысы әрі қоғам қайраткері **Әбіш Кекілбайұлы**: «*Тарих - халықтың жүрегі. Жүрексіз өмір болмайтыны секілді, өткенінсіз халық болмайды*», - деп атап өткен еді. Бұл ой Желтоқсан көтерілісінің тарихи мәнін түсінуде ерекше орын алады. Себебі 1986 жылдың қытымыр желтоқсанында алаңға шыққан қазақ жастары ұлт жүрегінің соғысын, ұлттық намыс пен азаттыққа деген құштарлықтың оянуын айқын көрсетті. Желтоқсан көтерілісі - тек кеңестік жүйеге қарсы бағытталған наразылық емес, ол қазақ қоғамындағы саяси серпілістің, ұлттық өзіндік сананың жаңғыруының бастауына айналған тарихи бетбұрыс болды.

Желтоқсан көтерілісінің астарында бірнеше фактор жатты: орталықтың ұлттық мүддені елемей, республиканың ішкі саяси мәселелерінің Мәскеудің шешіміне тәуелділігі, жастардың әділетсіздікке қарсы азаматтық ұстанымы мен қайсар рухы. Сол кезеңдегі оқиғалар туралы зерттеулерде көрсетілгендей, алаңға шыққан жастардың басым көпшілігі елдің болашағына жауапкершілікпен қарап, қазақ халқының намысын қорғауды азаматтық парыз санады [1, 45 б].

Желтоқсан - күнтізбедегі бір ғана мезет емес. Ол - қазақ жастарының саяси белсенділігінің артуына, ұлттық идеяның күшейуіне, отарлық ойлау жүйесінен арылуға жол ашқан қоғамдық құбылыс. Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова сынды боздақтардың тағдырлары осы оқиғаның трагедиялық қырларын айқындай түседі. Олардың ерлігі жай ғана жеке батылдық емес, бір ұлттың намысы мен болашағы үшін жасалған жанкешті қадам еді.

Желтоқсан оқиғасының маңызын тарихшы ғалым Т.Омарбеков еңбектерінде бұл көтеріліс кеңестік саяси жүйенің дағдарысын ашып көрсеткенін, оның тарихи тұрғыдан Тәуелсіздікке апарар алғашқы нақты қадам болғанын атап өтеді [2, 88 б]. Ал М.Есмағамбетұлының деректері Желтоқсан көтерілісінің тек Алматы қаласында ғана емес, Қазақстанның өзге аймақтарында да жастар қозғалысына түрткі болғанын көрсетеді [3, 28 б].

Желтоқсан көтерілісіне Алматы қаласында алаңға 20-30 мыңға жуық жастар қатысқан еді. Бірақ көптеген тұлғалардың аты-жөні айтыла бермейді. Себебі желтоқсан көтерілісі тек бір адамның ғана емес, ол жастардың өшпес рухының жеңісі. Есімі ешбір жерде айтылмаса да, жасаған ерен еңбегін алға тартып, атаққа таласпаған, желтоқсан көтерілісіне өз септігін тигізген бір тұлға бар, ол кісі - Хамитов Марат Ысқақұлы. Желтоқсан көтерілісі жайлы іздегенде қандай жер болмасын, жастардың бір-бірін қолтықтап, демеу болып тұрған фотосын көреміз. Сол бір фотода жастардың ортасында тұрған кісі - Марат Хамитов.

Марат Хамитов жайлы айтпас бұрын, әуелі осы фотоның шығу тарихын баяндап өтсек. Алаңға жиналған жастардың қайтпас қайсарлығын байқаған адамдар да болды. Намысшыл жастардың есімі ел есінде сақталуы тиіс деп, жастарды фотоға түсіртіп алған намысшыл қайраткер Сағатхан Әшімбаев болатын. Сағатхан Әшімбаев 1986-1991 жылдары Қазақ КСР Телевизия және радиохабарын тарату жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет еткен. Сол бір заманда да Кеңес үкіметінде болып, қазақ халқын, жастарын ойлаған біртуар азаматтар болған. Сағатхан Әшімбаев сенімді адамына жастардың фотосын алып, арнайы бір жерге тығып қоюды тапсырған, сәті келгенде ұрпаққа шығарасыңдар деген. Құдды бір еліміз тәуелсіздік алатынын сезгендей, болашаққа үлкен сеніммен қараған. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін фото жарыққа шығып, баспа және журнал беттерінде басылып шықты. Тектіден текті туады дегендей, қазіргі Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев әкесінен ұлтқа қызмет ету тұсынан жақсы тәрбие алғанын аңғарамыз.

Негізгі тұлғамызға оралатын болсақ, Хамитов Марат Ысқақұлы 1964 жылы 1 қаңтарда Қарағанда облысы, Бұқар жырау ауданы, Үміткер ауылында, мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1985 жылы Алматы қаласына Ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, алдыңғы қатарлы студенттердің қатарында болған, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде алдыңғы қатарды болып, қазақтың намысын, қайтпас-қайсарлығын көрсете білген. Бойдағы намыстың оянуы мен өжеттік, Марат ағамызға әке бойынан, өнеге-тәрбиесінен сіңген, нақтырақ айтсақ Марат Хамитовтың әкесі Ысқақ Хамитов ауыл мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған, жәй бір қатардағы мұғалім болып ғана қоймай ұлының бойына қазақ батырларының мінезін бойына сіңірткен.

Ендігі кезекте Марат Хамитовтың көтеріліске қатысуы, барлығы неден басталғаны туралы айтар болсақ. Тарих беттерінде Д.Қонаевтің биліктен кетіп Колбиннің билікке келуі, жастардың ызасын келтіріп, бейбіт шеруге мәжбүр болды деседі, бірақ шындыққа тура қарасақ, ол уақыттағы қазақ жастары Колбиннің кім екенінде танымаған. Студенттік жатаханаларда бейтаныс адамдар келіп агитация жұмыстарын жүргізген, нақтырақ айтсақ ертең шеру болады, шығындар, бірігіңдер деген үгіт насихат жұмыстарын жүргізген. 16 желтоқсан көтерілістің бастауын Марат ағамыз осылай баяндайды «Барлығы түскі уақытқа жақын басталды, дәрісте отырған уақытымызда, терезеден жастардың ағылып алаңға қарай бара жатқанын байқаған бойда, бізде қосылуымыз керек деп қатарға қосыла кеттік, алаңға жиналып бәріміз бірдей ұрандатып, бейбіт шеру жүріп жатты, бірақ бір сәтте Кеңес үкіметінің қарулы күштері жан-жақтан соққы бере бастады, әрине қарусыз, бейбіт шеруге шыққан жастар үшін қарулы күштердің келуі қиындыққа әкеліп соқты, бірақ қазақтың баласы болған соң бойында намыс оянып, дене бойың қызады, бұл жағдайда қай қазақтың баласы болмасын ар-намысы үшін тұратын еді, әкем Ысқақ Хамитов айтқандай «әр қазақтың баласы батыр, себебі әр қазақтың баласының бойында қазақтың қаны бар». 30 мыңға жуық жастарға шамасы жетпеген милициялар, сыртқы тараптың қарулы күштерін пайдалануды жөн санап, оқ атуға дейін барды. Қазақ қыздарына бір жағдай орын алып қалады ма деп, қыздарды қоршап ұстап, артқа қарай қаштық. Алаңға әрбір институттың студенттері жиналған еді, біздің институттың жатаханасы қазіргі Республика алаңына баратын Федоровка көшесінде орналасқан еді. Артқы терезеден жатаханаға кіріп, жоғарғы этаждан әйнектерді алып, жастардың қашып кетуі үшін, қарулы әскерлерге тойтарыс беріп, басқа да студенттердің бас амандығын үшін күрестік. Екінші күні шерудің тағы да болып жатқанын естіп, алаңға жиналуға бет алғанымызда, бізді жатаханадан шығармады, онда барудың еш қажеті жоқ, барлығы тарқайды, шеру басылды деп бетімізді қайтармақ болды. Бірақ қазақтың ұл-қыздары жанын пиде етіп, тәуекелге барып осы көтеріліске шығып тұрғанда, біз неге тығылып отыруымыз керек деген сұрақтар туындады. Ойымызда тек алаңға бару, қандай жағдай болса да көппен бірге кіру деген ғана ой болды, оқудан шығып қаламын-ау, ұстап алады деген ешбір қорқыныштар бойымызда болмады. Терезеден қашып шығып жатқанымызда шаршаған, әбден тоңып қалған қазақ қыздарын байқалық, жағдайларын сұрағанымызда, күні-түні бойы алаңды болып, қарулылар қуған кезде қашуға мәжбүр болғанын білдік. Бірақ соның өзінде аяқ тартпай, алаңға барамыз деп қасарсып тұрып алды. Қазақ қыздарын көндіріп, терезеден жатаханаға кіргізіп сырттан ыстық тамақ әкеліп бердік. Қай қазақтың ұлы-қызы болмасын көздерінде оттары жанып, өжеттілігі бірден байқалып ақ тұратын. 1986 жылы 18 желтоқсан, алаңға барғанымызда көтерілістің лебі әлі де басылмаған, керісінше күшейген үстіне күшейіп жатты. Басында жастардың көптігі, қысымы біршама әсер етіп жатқан болатын. Бірақ түске таман, қарулы күштер көбейді, саперлік күректермен, иттермен келе бастады, тіпті өрт сөндіру көлігімен келіп жиналып тұрған жастарға шаша бастады. Бұл азапты көрудің өзі қиын еді, естігенім бойынша милицияларға ұсталғандарды қаланың сыртына аязға апарып тастаған, ал кейбіреулерін уақытша ұстау изоляторына қамап жатты. Біз секілді ұсталмағандар қашып құтылды, ал ұсталып қалғандарға көптеген мәселелер туындағанын да естідік. 2 күнге созылған, бейбіт шерумен басталған көтеріліс, арты қарды қанға бояған жағдайда орын алды. Көтерілістен кейін ешбір адамды жатаханадан шығармады, қатаң бақылауға ұстап отырды, үкіметтен берілген тапсырма бойынша көшелерде, алаңдарда топтасып жүруге қатаң тыйым салынған. Төрт-бес адамнан артық жиналса болды, көшеде милициялар бірден келіп сұраққа алып жататын және де тез арада үйлеріне немесе жатаханаларына қайту керектігін ескертіп жататын. Тіпті тексерістерден кейін оқудан шығып жатқан студенттерде болып жатты, желтоқсанның соңғы күндері оқудан шығумен, тексерістермен, қатаң бақылаулармен өткен еді.

Қаңтар айында оқуға келгенімізде барлығы басылған шығар деген ой болған еді. Бірақ әлі де тексеру жұмыстары жүріп жатты, Мені де тексеру үшін, милиция бөлімшесіне шақырып алып, сұрақ-жауап жұмыстарын жүргізді. Бізде жатаханада арнайы кезекшілікке тұратынбыз, 16-17 желтоқсан күндері журнал бойынша менің кезекшілік кезегім болған, кезекшіліктен құтылудың жолы бар еді, егер қыздармен жақсы болсаң орнына кезекшілікке ауысып алуға болатын еді, менде жатаханадағы қыздармен жақсы болып орныма кезекшілікке қойып едім, бірақ журналда менің аты-жөнім тұрды. Осының арқасында желтоқсан шеруіне шықпадым деп деген сөзіме сенді, бірақ 16 желтоқсан күні жатаханада кімдер агитациялық жұмыстар жүргізді, танысаң аты-жөндерін айт, болмаса түр келбеттерін сипатта деп сұрақтың астына алды. Үгіт-насихатты осы адамдар жүргізді деп айтатын, мен ол адамдардың аты-жөнін білмедім, ал түр келбеттерін сипаттағанда қателесіп өзге адамға қиянат жасап қоярмын деген оймен үндемедім, бар айтқаным бір күнде мың адам кіріп мың адам шығады, қайсы бірінің түрін есте сақтай беремін, оған қоса одан бері бір айдан аса уақыт өтті, тіпті ұмытып қалдым деген сылтаумен жылы жауып қойдым. Тергеу бөлмесінен шыққанда, басқада адамдарды көптеп тергеуге әкеліп жатты, бірақ олардан жәй ғана сұрақ қойып жатпағанын аңғардым, себебі тергеу

бөлмесінен шығып жатқан дауыстарды мен өмірімде естіп көргенмін. Іште қандай әдіспен тергеу жүргізгенін білмедім, әйтеуір сол бөлмелерден жиырма сегіз-отыз жасар орта жастағы әйел милициялар шығып ашулы күйде ауыздарына келген айтып жүрді. Олардың ашулы түр әлпеттерінен-ақ бір ай өтседе жағдайдың әлі де реттелмегін бірден байқауға болатын еді. Бөлімшеден шығып, жатаханаға қарай жеткенімде қайтадан бөлімшеден қоңырау шалды, тездетіп жету керек екенімді айтты. Ол кезде қалта телефон деген жоқ, тек сыммен тартылған үй телефондары, амал жоқ хабарды жатаханаға жеткен соң бірақ білдім. Қайтадан бөлімшеге барған кезімде, үлкен альбомды алдыма тастап аштыда, суретте таныған адамдарыңды белгілендер деп айтты, альбомды бір-екі адамның ғана емес біршама адамдардың суреттерін көрдім, кейбіреуін институтта байқағанмын, ал кейбіреуін отырыстарда көргенмін, бір көрген адамымды таныдым деп белгілесем тағы зияным тиіп кетер деп ойлап, альбомда менің ешқандай танысым жоқ, біреуінде танымадым деп асыға кетуге ұмтылдым, оған себеп жоғарыда айтқандай басқада адамдарды тергеу изоляторында қалай қинап жатқанын естіп, олардың жан айқайын тыңдағанда бойымда шыныменде үрей болды, мейлінше бұл жерден тез кетіп қалсам екен деген ойдан басқа ешбір ой болмады. Әрмен қарай заман өз ағымына қарай жүре берді, бірақ санамызды өзгертіп, сенімізді ұялатқан жағдайда орын алды, 1989 жылы Кремльде Арал мәселесін қозғаймын деп, 1986 жылғы көтерілісті баяндады және біз бұл хабарды теледидардан көріп отырған едік.

Мұхтар Шахановтың «Жоғары съезд, мен республикада қалыптасқан өткір жағдайды ескере отырып, әлеуметтік алауыздықтың тағы да өршуіне жол бермеу үшін, Қазақ КСР 19 халық депутатының атынан келесі мәлімдемені жасағым келеді.

Съезде Грузиядағы оқиғалар туралы мәселе көтерілгеннен кейін Қазақстан депутаттар тобы өз сайлаушыларынан көптеген ұжымдық хаттар мен жеделхаттар ала бастады. Жариялылық пен ашықтық кезеңі келгеніне қарамастан, 1986 жылғы Алматыдағы «Желтоқсан оқиғасы» туралы мәселені съезде көтермейтінімізге олардың көңілі толмайды. Елімізде алғаш рет бейбіт шерушілерге қарсы сапер күректер, әскери иттер қолданылды. Қыздарды дубинкамен ұрып, керзі етікпен тепті. Мұның бәрі митингі туралы жалпыға белгілі жарлық шықпай тұрып істелді.

Демонстранттар арасында құрбан болғандардың саны әлі де көпшіліктен жасырылып отыр. Толық емес мәліметтер бойынша, 2 мыңға жуық адам қамауға алынды. Олардың көпшілігі ұзақ мерзімге сотталды. Мыңдаған адамдар оқу орындарынан шығарылып, жұмыстан қуылды. Саяси дайындығы жоқ жүздеген жас жігіттер мен қыздардың өмірінің мәңгілікке күл-паршасы шықты.

Көрнекті халықаралық қайраткер жолдас Колбин бастаған республиканың партиялық ұйымы жағдайды реттеу үшін көп жұмыс атқарғанын айта кетпесе болмас, дегенмен Алматыдағы сарбаздар мен ішкі әскердің заңсыз әрекеттері туралы шындық әлі күнге дейін құпия күйінде сақталып келеді. Сол себепті, әртүрлі қауесеттер тарап, халықтар достығына кірбің түсіріп, кейбір кезде араздыққа алып келуі мүмкін. Осыған байланысты біз Алматыдағы «Желтоқсан оқиғалары» туралы шындықты анықтау үшін түрлі өңірлер мен ұлттардың атынан өкілдік ететін халық депутаттарынан комиссия құруды сұраймыз.

Жоғарыда аталған жайттардан кейін, Қазақ Республикалық партия ұйымының еңбекшілерді интернационалдық және патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысы туралы ОКҚҚК қаулысы шықты».

Міне мінберде айтылған осы сөздер күллі жастардың сенімін ұялатты, сол бір күндері төгілген қанның сұрауы бар екенін, жазықсыздан жазықсыз қыршынынан қиылған батыр боздақтарымыздың жаны жәй табатыны бізді қуантты. 1986 жылғы алаңдағы болған жағдай, 1989 Кремльде айтылған сөздер бұның барлығы тәуелсіздікке деген үлкен қадамдар болатын, Қазақ елі жеке дербес мемлекет болатынына көпшілік сене бастаған кез еді.»

Марат Хамитовтың естелігі - Желтоқсан көтерілісінің ішкі болмысын, сол күндердің шынайы рухын айқын көрсететін құнды дерек. Оның айтуынша, бейбіт мақсатта алаңға жиналған қазақ жастары өз ұлтының намысын қорғау жолында ешқандай қару-жарақсыз, қолында тек әділдікке деген сенімі мен тәуелсіздікке ұмтылысы ғана бола тұра, мемлекеттік күш құрылымдарының қатыгез қарсылығына тап болды. Жастардың бойындағы өр рух, ар-намысты бәрінен жоғары қойған қайсарлық, бір-бірін қорғауға деген ниет - сол күндердің негізгі сипаты.

Жазықсыз соққыға жығылып, қуғынға түскен бойжеткендер мен бозбалалардың көрген тауқыметі, ұсталғандарға жасалған қысым, кейінгі қатаң бақылаулар - кеңестік жүйенің шынайы репрессивтік табиғатын айғақтайды. Марат Хамитовтың тергеу барысындағы тәжірибесі де сол кезеңдегі психологиялық қысымның қандай деңгейде болғанын көрсетеді. Кінәсіз жастарды үреймен, қорқынышпен жазалау әрекеттері Желтоқсан оқиғасының қаншалықты ауыр өткені туралы тағы бір дәлел.

1989 жылы Мұхтар Шахановтың Кремль мінберінен көтеріліс шындығын ашық айтып, әділетті талап етуі - Марат Хамитов сияқты мыңдаған жасқа рухани дем беріп, Желтоқсан құрбандарының дауысы ақыры естілеріне сенім ұялатты. Бұл - Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызын арттырған, тәуелсіздікке қарай жасалған үлкен қадамдардың бірі болды.

Осылайша, Марат Хамитовтың әңгімесі - Желтоқсан көтерілісінің тек тарихтағы оқиға емес, халық жадында сақталған рухани серпіліс екенін көрсетеді. Бұл естелік ұлттың бостандығы жолында жанын қиған боздақтардың ерлігін, олардың күресінің бекер болмағанын дәлелдейді. Желтоқсан - тәуелсіз Қазақстанның рухани іргетасына айналған, ұрпақ санасын оятқан ерлік пен намыстың символы.

Қорыта келгенде, Желтоқсан оқиғасы - жай ғана жаппай толқу емес, ұлттың рухын оятқан тарихи белес. Марат Хамитов сынды куәгерлердің естеліктері сол кезеңдегі әділетсіздіктің, жүйенің қаталдығының ғана емес, қазақ жастарының өр рухы мен қайсарлығын дәлелдейді. Бұл оқиға ұлт жадында тәуелсіздіктің алғашқы қадамы ретінде мәңгі сақталып, болашақ ұрпаққа ерлік пен намыс сабақтастығын ұқтыратын рухани мұра болып қала береді. Жоқ батырларымызды жоқтап, еске алып отырғанымыз жөн ақ. Бірақ тірі батырларымызды бар кезінде бағалап, бар тұлғаларымыздың батырлық келбетін танытып, насихаттауымыз керек. Егерде қазір тірі тарих адамдар тұрғанда, тарихымызды реттемесек, жалған тарихқа сеніп жүре беруімізге мәжбүр боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қойгелдиев М. Тәуелсіздікке жету жолындағы күрес. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 214 б.
- 2 Омарбеков Т. Қазақ елінің қасіреті мен тағдыры. - Алматы: Санат, 1997. - 318 б.
- 3 Есмағамбетұлы М. Желтоқсан ызғары. - Алматы: Ақиқат, 2006. - 223 б.

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ: ТАРИХЫ, МЕХАНИЗМДЕРІ ЖӘНЕ САЛДАРЫ

Сакенов С.Е.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к қауымдастырылған профессор Шалгимбеков А.Б.,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті КеАҚ
sakenovse@gmail.com
Қостанай қ.

Ресей империясының Қазақстанды отарлау үдерісі - Орталық Азия тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Бұл үдеріс аймақтың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына айтарлықтай ықпал етті. Отарлау саясатының жүргізілу механизмдері, шекаралық аймақтардағы әскери бекіністердің рөлі және қазақ қоғамына тигізген әсері жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Ресей империясының Қазақстан аумағын отарлау саясатын кешенді түрде талдау қажет. Империялық биліктің стратегиялық мақсаттары, территориялық кеңею әдістері және әкімшілік басқару жүйесі қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына елеулі өзгерістер әкелді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда тарихи жад пен ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы тұрғысынан бұл тақырыптың маңыздылығы арта түсуде.

Қазақстанның Ресей империясының қосылуына ұзақ уақыт бойы экономикалық және саяси байланыстар әсер етті. М.К. Қозыбаев барлық еңбектерінде отарлау саясаты агрессивті түрде өткені жөнінде жазған. Академик Қазақстанды отарлау саясатының басталуы Ермақтың Сібірді жаулап алуынан бастауын алды деп есептейді: «Сібірді жаулап алу туралы шындық тарихымыздың проблемаларының бірі. Бұл тақырып қиын, әрі ыңғайсыз, өйткені ол өткеннен бастап бүгінгі халықтар қарым - қатынасына көлеңке түсіреді, бұл түсіндіруді қажет етеді». Автор әрі қарай былай деп жазады: «осыған байланысты проблемалардың күрделі кешенін зерттегенде, объективті және ерікті түрде Ресей империясының құрамына кіруді және аумақтың бір бөлігін күштеп қосуды көрсете отырып, ақиқат талабына сүйену керек». Сібір хандығы мен Көшім ханның қазақ территорияларына иелік етуін қарастырған автор Ресей империясы өлкенің халқына қарсы белсенді жаулап алу саясатын жүргізді деп болжады. Кейіннен республикалық мерзімді басылымдардың беттерінде автор Ресейдің қазақ даласына қарсы агрессивті саясат жүргізуі жөнінде бірнеше рет жазып кеткен болатын [1, с. 58].

Сібір тарихын алғашқылардың бірі болып хатқа түсірген С.У. Ремезовтің еңбектері айрықша құндылыққа ие. Оның жазбаларынан біз қазақ тайпаларының солтүстіктегі қоныстану аймақтары